

## **№15 тәжірибелік сабақ.**

**Тақырыбы:** Қазіргі қазақ әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің байланысы

**Сабақтың мақсаты:** Қазіргі қазақ әдебиеті мен халық ауыз әдебиетінің байланысы туралы мәлімет алу.

### **Негізгі сұрақтар:**

1. Ауыз әдебиеттің жазба әдебиетке әсері
2. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің айырмашылығы
3. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің байланысы

**Тапсырма:** XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және қазіргі қазақ әдебиеті қаламгерлеріне ауыз әдебиеті жанрларының әсері.

**Тапсырманы орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар:** Халық ауыз әдебиетінің негізінде туған поэмалар мен көркем шығармалардың тарихпен байланысы, тарихи шындық, көркемдік шешім. Ғылыми мақала дегеніміз – ғылыми зерттеулер нәтижелерін сипаттау. Ғылыми мақала зерттеу тақырыбы бойынша нақты жекелеген мәселелерді қамтитын, нәтижесі берілетін, автордың ғылыми басымдығы көрінетін жарияланымның бір түрі болып табылады. Ғылыми мақала маманның жетістігін көрсетеді. Ғылыми мақаланы іштей үшке бөлуге болады: Ғылыми-теориялық мақалалар теориялық ізденістер мен зерттеліп отырған мәселенің заңдылығын түсіндіруге арналады. Теориялық мақалалар кез келген зерттеуді жүргізудің негізі болып табылады. Ғылымда тек теориялық пайымдаулардың көмегімен тың жаңалықтар ашылып, кейін тәжірибе мен эксперименттер арқылы дәлелденген оқиғалар аз кездеспеген. Кейбір салаларда тек қана теориялық әдістер арқылы зерттелетін нысанның маңызын ашуға болады. Ғылыми-практикалық мақалалар ғылыми эксперименттер мен шынайы тәжірибеге арналады. Оларда эксперимент жүргізу әдістері не зерттелетін құбылысты бақылау құралдары мен оларды тіркеу тәсілдері сипатталады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді баяндау мен оларды түсіндіру мұндай мақалалардың негізгі бөлігі болып табылады. Ғылыми-әдістемелік мақалалар ғылыми немесе қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін әдістер, тәсілдер, құралдар мен үдерістерге шолу жасауға арналады.

### **Дайындалуға арналған сұрақтар:**

1. Ауыз әдебиеттің жазба әдебиетке әсері
2. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің айырмашылығы
3. Ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің байланысы

**Есеп беру түрі:** ғылыми мақала жазу.